

Бүгін Дарбаза ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімінің м.у.а. Н.Талипов, аудандық мәслихат хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Күн тәртібінде 2 мәселе:

1. Сарыағаш ауданының әкімінің ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021 жылғы қорытындысы және алдағы тұрған міндеттері туралы;
2. Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы есебі қойылып, баяндама жасалды.

Кездесу барысында елді мекеннің шығыс беткейінде орналасқан ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, елді мекеннен ауыл азаматтарына тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру, Таскұдық елді мекенін ауыз сумен қамту мақсатында елді мекенде орналасқан су ұңғымасына су тазартқыш (фильтр) орнату, ауылдық округ бойынша жайылым жерлердің аздығынан осы мәселе бойынша атқарылып жатқан іс шаралар туралы, Ердәуіт елді мекенінде орналасқан тозығы жеткен электр бағаналарын ауыстыру, ішкі және кіреберіс көшелеріне асфальт жол салу мәселелері бойынша ұсыныстар айтылып, сұрақтар қойылды. Қойылған сұрақтарға Сарыағаш ауданының әкімінің м.у.а. Н.Талипов толық жауап берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Сарыағаш аудандық мәслихат хатшысы С.Таскулов «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесек ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін жеткізді.

Дарбаза ауылының тұрғындары 2021 жылы атқарылған жұмыстарға алғысын білдіріп, қанағаттандырарлық баға берді.